

«КЕЛІСІЛДІ»  
ҚОББ бастыры  
Кожахметова Г.Ш.

«30» 12 2020ж.



«БЕКІТІЛДІ»  
«Bolashaq» Академиясының  
ректоры Менлибаев К.Н.

2020ж.



**Қарағанды облысы және қаласы орта мектептері, лицей,  
гимназияларының 11 сынып оқушыларының  
«ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ» байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Байқаудың жалпы ережесі**

**1.1.** Қарағанды қаласы және шағын қалалардың лицей, гимназияларының 11 сынып оқушыларының арасында «Жаңа форматтағы болашақ педагог» байқауы «Bolashaq» Академиясы мен Қарағанды облысының білім басқармасымен бірге өткізіледі.

**1.2.** Байқаудың мақсаты: жастар арасында педагогикалық мамандықтардың беделін көтеруге мүмкіндік туғызу және гуманитарлы білімді насиҳаттау, әсіресе «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтарын; педагогикалық және психологиялық қызметке қабілеті бар мектеп, гимназия, лицейдің жоғары сынып оқушыларын қолдау және айқындау.

**1.3. Байқаудың міндеттері:**

- білім беру жүйесін жетілдіруде жастардың белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру;

- мектептердің болашақ тұлектеріне болашақ мамандықтарын таңдауда кәсіптік бағдар мен белсенді көмек көрсету;

- оқушылардың шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау;

- болашақ мамандығын таңдауға көмек көрсету;

- педагогикалық білімнің кәсіби маңызын арттыру, педагогикалық мамандықтың дәрежесін көтеру;

**1.4. «Жаңа форматтағы болашақ педагог» байқауы 2021 жылдың қантар айының 29-жүлдезында «Bolashaq» Академиясында online форматта өткізіледі.**

**1.5.** Байқау комиссиясы «Bolashaq» Академиясының «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасының ғылыми дәрежелері бар мамандары, сондай-ақ білім беру жүйесінде үлken тәжірибесі бар қызметкерлер құрамынан құрылады және оның жұмысының басталуына дейін академия ректоры бүйірығымен бекітіледі. Байқауға қатысушы білім беру мекемелері Қарағанды облысының білім беру басқармасының келісімімен өз өкілдерін бакылаушы

ретінде қатыстыра алады.

## **2. Байқауды өткізу тәртібі мен жағдайы**

2.1 Байқауға 11-сынып оқушылары ғана қатысады. Байқау екі тапсырмадан тұрады.

**Байқауда берілген тапсырмаларды 2021 жылдың қаңтар айының 18-ші жүлдзызы мен 25-жүлдзызы аралығында ұйымдастырушылардың электрондық жәшігіне жіберу керек [kaf-dino-contest@mail.ru](mailto:kaf-dino-contest@mail.ru), осы уақыттан кеш келген жұмыстар қабылданбайды.**

Байқаудың әділқазы мүшелері үздік жұмысты таңдап алады. Үздік таңылған жұмыстарды 2021 жылдың 29-шы қаңтарында Академияның сайтынан көруге болады (<https://bolashaq.edu.kz>).

### **I тапсырма. Эссе жазу.**

#### **Тандауға берілген эссе тақырыптары:**

1. «Қазіргі заманның мұғалімі қандай болуы керек?».
2. «Болашақ кеңістігінде мұғалім».
3. «Менің түсінігімде болашақ педагог».
4. «Ақпараттық қоғам ғасырындағы педагогтың рөлі мен орны».
5. «Менің болашақ мамандығым – тәрбиеші».
6. «Тәрбиеші болу бақыт!».
7. «Менің арманымның мектебі».

#### **Эссені жазуда қойылатын талаптар:**

Байқауда жоғары сынып оқушыларының берілген тақырыпқа сай, еркін ойда жазылған эссе жұмыстарын қабылдайды. Эссенің мазмұны жалпы танылған тарихи фактілерге, этикалық нормаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

#### **Эссе кезеңіне қойылатын талаптар:**

1. Байқауға арналған материалдар электронды түрде қабылданады.
2. Эссе жұмысы қамтуы керек: атауын, авторлар мен ғылыми жетекшінің аты-жөнін, білім беру мекемесінің атауын, білім беру мекемесінің орналасу мекен-жайын.
3. Эссе мәтінінің көлемі - 2-3 бет, 14-өлшемі, Times New Roman қарпі, интервал - 1.

#### **Эссені бағалауда қойылатын негізгі критерийлері:**

- жұмыстың белгіленген тақырыпқа сәйкестігі, өзекті мәселенің болуы және өзектілігі;
- педагогикалық идеялардың бірегейлігі (оларды шешудің накты, бірегей және тиімді жолдарын ұсына білу);
- ұсынылған тақырыпты ұғынуға шығармашылық көзқарас, негізгі ережелер мен қорытындыларды дәлелдей білу қабілеті;
- мәселенің қойылуы мен шешілуінің негізділігі, дәлелділігі және бірегейлігі;

- өз ойларын анық және қысқа баяндау; әдеби көздерді пайдалану және оларды сауатты безендіру;

- жұмыстың формальды талаптарға және өзіндік жанрға сәйкестігі.

**II тапсырма. «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы Киберпедагогика»** тақырыбында презентация дайындал үйымдастырушылардың электронды поштасына салу керек.

Презентацияның көлемі **15 беттен** тұрады және POWER POINT программасымен жасалу керек.

**Әділқазы мүшелерінің жұмыстарды бағалауда қойылатын негізгі критерийлері:**

- Мақсат, міндет, әдіс тандаудағы сауаттылықты;
- Материалды дайындаудағы логикалық бірізділіктің болуы, жұмысты дұрыс құрылымдау;
- Презентацияның тәжірибелік маңыздылығы (басқа оқушылар және қатысушы оқушы үшін);
- Жұмысты орындау барысында дербестігі;
- Шығармашылық көзқарас.

### **3. Байқаудың корытындысын шығару және женімпаздарды марапаттау рәсімі**

Жұлдегерлермен женімпаздар сертификаттармен марапатталады.

Бірінші орынға бір оқушы, екінші орынға екі оқушы, үшінші орынға үш оқушы ұсынылады. Орын алған оқушыға:

**1 орын** – бірінші курста оқуға тегін оқу ректордың **гранты** беріледі;

**2 орын** – бірінші курста оқуға **50% женілдік** беріледі;

**3 орын** – бірінші курста оқуға **25% женілдік** беріледі.

Оқудан шығарылған немесе басқа ЖОО-ға ауыстырылған жағдайда Академия женілдігінің немесе грантының иесі грант берілген жылы айқындалған женілдік сомасына немесе оқу құнына баламалы соманы қайтарады.

Жетекшілерге мадақтау қағаздары, әкімшілікке алғыс хат беріледі.

Женімпаздар сертификаттары тек **күндізгі оқу** бөлімінің студенттері үшін жарамды.

**Байқауға қатысуға өтінішті** (сканерленген түрде) және байқау тапсырмаларын **2021 жылдың қантар айының 18-ші жұлдызы мен 25-ші жұлдызы аралығында** мына электронды жәшігіне [kaf-dino-contest@mail.ru](mailto:kaf-dino-contest@mail.ru) жіберу керек. Өтініш үлгісі **қосымшада** берілген.

Байқаудың барлық сұрақтары бойынша «Bolashaq» Академиясы, Әкімшілік ғимараты, Абай көшесі 17, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасы, 301 - кабинетке тел. 42-04-25 (ішкі байланыс номері - 302) немесе байқауға жауапты

Сарбасова Қалимаш Амангелдіқызына хабарласуға болады, ұялы тел. +7700-386-91-22 (орыс тілінде).

Таликова Галия Тюляковна (орыс тілінде). (сот.тел. +7701-952-76-12).

«Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту»  
кафедрасының менгерушісі  
п.ғ.к., профессор

Н.И.Храпченкова

«Bolashaq» Академиясының заңгері

А.А. Кусаинова

Қабылдау комиссиясының жауапты  
хатшысы

Б.А.Абылбаева

Ғылыми жұмыс және халықаралық  
ынтымақтастық жөніндегі проректор  
т.ғ.к, доцент

Х.К.Уразбаев

Стратегиялық даму жөніндегі проректор  
з.ғ.к, профессор

Г.М.Рымагамбетова

## ҚОСЫМША 1

**Отініш үлгісі**

### **«ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ» байқауына қатысуға өтініш**

Қала, аудан \_\_\_\_\_

Мектеп №\_\_\_\_\_

Мектептің мекен-жайы \_\_\_\_\_

E-mail, тел.факс \_\_\_\_\_

Директордың аты-жөні \_\_\_\_\_

Оқушыны дайындаған мұғалімнің аты-жөні \_\_\_\_\_

Сөйлеу тілі (қаз., орыс.) \_\_\_\_\_

Оқушы туралы мағұлмат:

№	А.Ж.Т.(толық)	Сынып	Оқу тілі
1			
<b>Ескерту: Тек 11-сынып оқушылары ғана қатыса алады.</b>			

Мектеп директоры  
(мер)

Аты-жөні